

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық
қазақ-түрік университеті*



**Жалпы полимерлер, Стоматологиядағы
полимерлер**

ОБСЕӨ

Ж

✓ **Факультеті: Стоматология**

✓ **Қабылдаған: Ускенбаева А.**

✓ **Орындаған: Абдиназаров М**

✓ **Тобы: СТК 208F**


Жоспар:

1- Полимерлер Туралы Жалпы Түсінік

2- Полимерлер беріктігі,қасеті

3- Стоматологиядағы полимерлер






Протез: Дененің жасанды бөлігі деп түсінуге болады.

Тіс протезі тіс сауытының жасанды бөлігі,
жасанды тістер, жақтардың альвеолярлы өскінінің
жасанды бөлігі.

Тіс протезі шайнау, сейлеу қызметін дұрыстаумен
бірге адам кескінін түзейді



Facial Bones



* **Oklüzal (Окклюзия)**

Dişlerin çiğneyici yüzeylerine verilen isim.
Tis қатарының немесе жеке тістердің бір-
бірімен қабысуы.

Протез науқасты ортопедиялық емдеу заты болып табылады. Сонымен қатар протез науқастың **Сыртқы келбетін** қалыптастыруда үлкен маңызы бар, яғни **эстетикасын жақсартады.**

Стоматологиялық материалдар 3 топқа бөлінеді:

A). Негізгі

B). Көмекші

C). Клиникалық.

А). Негізгі: тіс протезін жасайтын материалды айтады.

Оларға: керамика (фарфор) полимерлер, композициялық, пломбалық материалдар.

В). Көмекші: протез технологиясының әр түрлі кезеңдерінде қолданылады.

Оларға модельдік, абраивтк, үлгілік флюстер жатады.

С). Клиникалық: клиникалық стоматлогиялық қабылдауда қолданылатын материалдар.

Оларға балауыздар, балауыз композициясы жатады.

Жоғары молекулалы қосылыстар немесе **полимерлер** (гр. πολύ- — көп, μέρος — бөлік, бөлігі) — молекула құрамында өзара химикалық немесе координаттық байланыстармен қосылған жүздеген, мыңдаған атомдары бар және өздеріне ғана тән қасиеттермен ерекшеленетін заттар тобы.



Полимер туралы түсінік

Жоғары молекулалы қосылыстар көбіне молекулалары көп қайталанып отыратын [мономерлер](#) тізбегінен тұрады. Олардың ішіндегі ең қарапайымы — [полиэтилен](#), оның мономері — [этилен](#). Жоғары молекулалы қосылыстар табиғи ([ақуыздар](#), [нуклеин қышқылдары](#), табиғи шайырлар), жасанды (табиғи полимерді химикалық реактивтермен әрекеттестіру кезінде алынатын), синтетикалық (полиэтилен, полипропилен, полистирол, полиамид, [фенолды шайыр](#), т.б.) болып үш топқа бөлінеді. Табиғи жоғары молекулалы қосылыстар Биосинтез барысында тірі организм клеткаларында түзіледі. Синтетикалық жоғары молекулалы қосылыстар мономерлерді поликонденсациялау, полимерлеу арқылы алынады. Олардың тізбектері ашық, бірінен соң бірі түзу сызық бойымен орналасқан мономер бөліктерінен, тарамдалған немесе тор тәрізді Жоғары молекулалардан құралған (қ. [Полимерлер](#)). Жоғары молекулалы қосылыстар машина жасауда, құрылыста, ауыл шаруашылығында, электртехникада, медицинада, т.б. көптеген салаларда кеңінен қолданылады. ^[1]

Полимер туралы

Жоғары молекулалы қосылыстарды қысқаша ЖМҚ деп стандартты атауға немесе "полимерлер" деуге болады. Полимерлер (грек. "поли"—көп, "мерос"—бөлшек) ондаған және жүздеген мың, кейде миллиондаған атомдардан тұратын үлкен молекулалар.

Атомдар санының өзгеруіне қарай макромолекулалардың сапалық қасиеттерінде де ерекшеліктері болады. Химиялық таза полимерлердің макромолекулалары қайталанып отыратын *құрылым буындарынан* құралады. Құрылым буындарының саны *полимерлену дәрежесі* – n деп аталады, оның сан мәні 1000-нан 1 млн-ға жуық болуы мүмкін. Іс жүзінде кез келген полимерлер — құрамы және химиялық құрылысы бірдей, тек құрылым буын саны әр түрлі бірнеше макромолекуланың қоспасы. Егер құрылым буындары әр түрлі болса, онда *сополимер* деп атайды.


Полимер беріктігі

Полимердің келесі маңызды қасиеті — олар *механикалық берік* келеді, әсіресе кеңістіктік құрылымды полимерлер ерекше берік болады. Беріктік қасиет полимерлердің тармақталу дәрежесі мен типіне байланысты. Тіпті молекулааралық байланыстар үлкейген сайын заттың қаттылығы да арта түседі, серпімділік модулі артып, салыстырмалы деформациялығы азаяды. Торлы құрылымды (кеңістіктік) полимердің қасиеттері алмаз тәрізді кристалл заттардың қасиеттеріне жақындайды. Сонымен полимерлердің беріктігіне әсер ететін факторлар қатарына *молекулалық массасы, табиғаты, макро-молекулалардың бағдарлануы, құрылымдарының сипаты, тізбектерінің тігілу дәрежесі* және т.б. жатады.



Полимер қасеті

- Жоғары молекулалы қосылыстардың жалпы ортақ қасиеттері болады. Бірақ оны классикалық үлгідегі химия тұрғысынан түсіндіру қиын. Сондықтан полимерлердің қасиеттерін қарастыру үшін тиісті жаңа түсініктерді енгізуге тура келеді.
- Полимерлердің молекулалық массасы әр түрлі және құрылымының айрықша сипаты болуына байланысты, олардың қасиеттерінің кіші молекулалы заттардың қасиеттерінен айтарлықтай өзгешелігі болады. Кіші молекулалы заттар, әдетте, өздеріне тән балқу, қайнау температураларымен және басқа да тұрақты шамалармен, яғни константалармен сипатталады.




Dr. Naci



Tedavi Öncesi

Tedavi Sonrası



БИБЛИОГРАФИЯ:

- -Маженова А.М., Сейтмамбетова Н.Қ., Стоматологиялық ортопедия. Астана 2003ж

-Рузуддинов С.Р., Исендосова Г.Ш. Жаубасова А.Ж. Материаловедение в ортопедической стоматологии. Алматы , 200 бет

-Дойников А.И., Синицин В.Д. Зуботехническое материаловедение-М; Медицина 208 бет.

-В.Н.копейкин., Демнер Л.М. Зубопротезная техника –М; 416 бет

-Е.А. Бердімбетов . Ортопедиялық стоматологиядағы материалтану. Қарағанды –1993 ж.

https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%96%D1%81_%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%82%D0%B5%D0%B7%D1%96 18.09.2016

12.51

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%80%D1%82%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B8%D1%8F> 18.09.2016

12.56

<http://www.bulentbaydas.com/icerik/agiz-ici-sabit-apareyler.html>

18.09.2016 13.16

<http://www.seffafaparey.com/tr-tr/page/hasta/seffaf-aparey-nedir->

18.09.2016 13.24